



Каспi Bank
арқылы жазылу

Облыстық қоғамдық-саяси газет

МАҢҒЫСТАУ

1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады



mangystaumedиа.kz
otpannews.kz

№99 (10399) 26 желтоқсан, бейсенбі, 2024 жыл

Инженерлік инфрақұрылым толық жаңарады

Шенеуніктердің мойнына алған міндеттемелерін орындауы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Соның ішінде өмірлік маңызды секторлар – жылу, энергия және сумен жабдықтаудың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органға жүктелген маңызды міндет. Ақтау халқын толғандыратын өзекті мәселенің бірі – коммуналдық желілердің тозуы. Жалпы 65 пайыздан жоғары деңгейдегі тозу – апатты жағдайды жиілетеді, жылу, су берудегі төтенше жағдайлар ықтималдылығын арттырады. Ал Ақтау қаласы аумағындағы жылу желілерінің 75 пайызы тозған. Сондықтан өңірде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту жөнінде іс-шаралар жоспары жасакталды. Тұрғындардың талап-тілегіне сәйкес кен ауқымды жұмыстар инженерлік желілердің апатты және тозу деңгейін төмендетуге, коммуналдық қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруға бағытталды.



Ақтау қаласы аумағында жылыту маусымы басталғалы 225 апатты жағдай тіркелген. Төтенше жайтты жою жұмысына 100-ден астам адам мен 50-ге жуық техника жұмылдырылды. Күні бүгінге дейін жүйенің жоғары деңгейлі тозуына байланысты жаңа апаттар тіркеледі, олар негізінен квартал бөлінісіндегі жылу желілерінде туындайды.

Биыл Ақтауда 50 жылдан астам уақыт бойы жаңартылмаған магистральдық жылу желілері қалпына келтірілді. Тұрақты жылумен қамту мәселесі де өзекті. Облыстағы 790 шақырымды құрайтын жылу желілерінің 60%-ның тозығы жеткен. Оның басым бөлігі Ақтау қаласында. Мәселені шешу мақсатында 2024–2026 жылдары «МАЭК» мекемесіне тиісті 22 шақырым магистральдық жылу құбырын жаңарту үшін жоба жасакталып, биыл оның тең жартысы жаңартылды. Шаһардың 25 шағын ауданында ұзындығы 919 шақырымды құрайтын инженерлік желілерге жаңғырту жұмыстары басталды. Жоспарға сәйкес жөндеудің 1-кезеңінде 2026 жылға

дейін жалпы құны 20 млрд. теңгені құрайтын 19 жоба іске асырылады. Бүгінде қаланың төменгі 6 шағын ауданында 60 шақырым су құбыры мен кәріз желілерін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде тозу деңгейі 82%-дан 73%-ға төмендейді.

Ақтау қаласының су құбыры желілерінің тозуы 82%-ды құрайды. 2024 жылдың 2 желтоқсанына дейін «МАЭК» ЖШС су өндіру қуаттарының өте төмен деңгейіне және жоғары тұтынуға байланысты қаланың сумен қамтамасыз етілуі келесі тәртіппен жүзеге асырылуда.

Ақтау қаласының электрмен қамтамасыз ету желілерінің тозуы 70%-дан асады. Биыл 1 қазаннан бері электр желілерінде 18 апат анықталды, олар жедел түрде жойылды. Сондай-ақ электрмен жабдықтау желілерінде 59 жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеу және жоспарлы жұмыстар барысында электрмен жабдықтаудағы үзіліс бір сағаттан аспаған.



Үздік жас мамандар марапатталды



АЙГҮЛ ОРЫНБАЕВА

Маңғыстау облысының жастарына арналған «Жас тұлпар – 2024» жастар премиясының жеңімпаздары анықталды. Соның ішінде «БАҚ саласының үздік жас қызметкері» номинациясын әріптесіміз, «Маңғыстау» газетінің тілшісі Голрох Жеменей жеңіп алып, бірқатар үміткер журналистердің арасынан топ жарды.

Голрох Жеменей әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде журналистика факультетін тәмамдаған. Бүгінде «Маңғыстау Медиа» ЖШС-ға қарасты облыстық «Маңғыстау» газетінің тілшісі қызметін атқарады.



ҚЫСҚА-НҰСҚА

АҚТАУ МАҢЫНДА ҰШАҚ АПАТҚА ҰШЫРАДЫ

Ақтау маңында Бакуден Грозныйға бағыт алған жолаушылар ұшағы апатқа ұшырады. Аман қалған 27 жолаушы облыстық ауруханаға жеткізілді. Оның 11-і жансақтау бөліміне жатқызылды. Ал екі жасөспірімге медициналық көмек көрсетілуде.

ҚАРАҚИЯДА ЕСКІ САЯБАҚ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Қаракия ауданы, Құрық ауылындағы геолог-барлаушылар ғимаратының жанындағы ескі саябақ жаңартылып, аудан халқының игілігі үшін пайдалануға берілді.

КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ МӘМС-КЕ ҚАНША ТӨЛЕЙМІЗ?

Қазақстандағы ең төменгі жалақы мөлшері бұрынғы деңгейде қалып отыр. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында дербес төлеушілер мен жеке кәсіпкерлер үшін жарналарды есептеу негізі ретінде ең төменгі жалақыны алатынын ескерсек, демек, жарналар мөлшері де өзгермейді.

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Маңғыстау облыстық экономикалық тергеу департаменті үлескерлік құрылысқа тыйым салынғанына қарамастан, үй салатын мекемелер үлескерлер қаражатын алуды жалғастырып жатқанын айтты. Аталған департамент жосықсыз құрылыс салушыларға қатысты үш қылмыстық іс қозғаған.

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ ӨТТІ

24 желтоқсанда Ақтауда балаларға арналған Президенттік жаңажылдық шырша мерекесі өтті. Іс-шараға әр ауданнан келген 200 бала қатысты. Шара соңында барлық балаға Президенттің атынан арнайы жаңажылдық сыйлықтар табысталды.

БАС ШЫРШАНЫ ЖАҒУ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫ

Ақтау маңындағы ұшақ апатына байланысты 25 желтоқсан күні жоспарланған облыс орталығындағы жаңажылдық бас шыршаны жағу рәсімі кейінге қалдырылды.

БҮГІНГІ САНДА

БІЛІМ САПАСЫ КӨҢІЛ КӨНШІТЕ МЕ?



Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасымен ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, түрлі жобалар жүзеге асуда. Аталған жұмыстар өз жемісін беруде ме? Бүгінгі мақаламызда осы сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

3

АЙСЫРҒА АҚЫНДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Қ.Сыдықов атындағы облыстық орталық кітапханада өлкетану бөлімінің ұйымдастыруымен «Жырдаурен», «Өткен күнде өрнек бар», «Аманат» кітаптарының авторы, ақын, Айсырға Қилыбаеваның 75 жылдығына арналған еске алу кеші өтті. Шара аясында ақынның «Өлендерім – қамыққаным, күлгенім» тақырыбымен кітап көрмесі ұйымдастырылды.



8

КЕЛЕСІ САНДА:

2025 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҰР?